

Хаттама №1

2 қыркүйек 2017 жыл

Абай атындағы ЖОББ-тің мектеп-лицей

2 қыркүйек 2017 жылы Абай атындағы ЖОББ-тің мектеп-лицейінде Қамқоршылық кеңес отырысы өтті

Қатысқандар: Тлеуханов Р.Р, Садыбекова А.Ж, Тайгулова Г.А ,

Рахымжанова Б.Қ, Нұрсейтова Уасила , Жамашев Құрмет , Қасеева Г.Ш, Махметов М.М,

Құлахметова Әлия, Ақылдасова Динара , Нұрланова Ардақ, Қонабекова Сандуғаш .

Күн тәртібінде:

1. Абай атындағы ЖОББ-тің мектеп-лицейде Қамқоршылық кеңестің төрағасын, хатшысын сайлау.
2. 2017-2018 оқу жылында мектептің 5 күндік оқу аптасына көшуі
3. Тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген, жартылай жетім, көп балалы жанұяда тәрбиеленіп отырған 1-11 сынып оқушыларына қысқы аяқ-киімдей және қыстық курткадай көмек көрсету барысы жөнінде. 2017-2018

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Р.Р.Тлеуханов сөз алды. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы таныстырып өтті.

Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде 9 адам қабылданды. Олар:

1. Рахымжанова Б.Қ.-ардагер ұстаз, зейнеткер
2. Нұрсейтова Уасила - мүше, зейнеткер
3. Жамашев Құрмет – мүше, аудандық мәслихат хатшысы
4. Қасеева Г.Ш. – мүше, аудандық білім бөлімінің қызметкері
5. Махметов М.М. – мүше, мектеп инспекторы
6. Құлахметова Әлия – мүше, 6-сыныптың ата-анасы
7. Ақылдасова Динара – мүше, 8-сыныптың ата-анасы
8. Нұрланова Ардақ – мүше, 5-сыныптың ата-анасы
9. Қонабекова Сандуғаш – мүше, мәдениет бөлімінің қызметкері

кеңестің төрағасы болып сайланды. Қамқоршылық кеңес мүшелері Ақылдасова Динараны кеңестің хатшылығына ұсынды.

Рахымжанова Б.Қ. Қамқоршылық кеңестің жоспарымен таныстырып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Садыбекова с. А.Ж. сөз алды. 2017-2018 оқу жылында мектептің 5 күндік оқу аптасына көшуі жайлы айтып өтті.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына өзгерістер енгізілген.

1. 127-бабының тұжырымы өзгертілді. Жаңа тұжырым: «Жалпы білім беретін мекемелерде оқу жүктемесінің жоғарғы нормасы аталған санитарлық қағидалардың 9-қосымшасында көрсетілген нормадан аспауы керек. Оқу жүктемесі ұлғайған жағдайда сабақ кестесі қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетімен келісілуі тиіс».

2. 2017-2018 оқу жылынан бастап сабақ ұзақтығы 40 минутты құрайды.

Бұл дегеніміз 2017-2018 оқу жылынан бастап барлық сыныптарға (1-11 сыныптарға) бескүндік оқу аптасына көшу рұқсат етілген. Бескүндік оқу аптасы туралы шешімді мектеп әкімшілігі қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетімен келісе отырып қабылдайды.

3. Директордың әлеуметтік ісі жөніндегі орынбасары Нұрғазин Е.Б.:

Ата-аналарының өтініші негізінде және сынып жетекшілерінің әлеуметтік карталарын басшылыққа ала отырып тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген, жартылай жетім, көп балалы жанұяда тәрбиеленіп отырған 1-11 сынып оқушыларына жалпыға білім беру қорынан 40 балаға қыстық аяқ-киім және 40 балаға қыстық курткадай жалпы жиыны 80 балаға көмек көрсету комиссияға ұсынылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңес қаулы қабылдады.

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып Рахымжанова Б.Қ. тағайындалсын.
- 1.1. Қамқоршылық кеңес хатшылығына Ақылдасова Динара тағайындалсын.
2. 2017-2018 оқу жылында мектеп 5 күндік оқу аптасына көшірілсін.
3. Қамқоршылық кеңестің жоспары бекітілсін.
4. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің шешімімен тұрмысы төмен, аз қамтамасыз етілген, жартылай жетім, көп балалы жанұяда тәрбиеленіп отырған мектептің 1-11 сыныптағы 80 оқушыға жалпыға білім беру қорынан берілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  Рахымжанова Б.Қ.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:  Ақылдасова Динара

Хаттама №2

27 қараша 2017 жыл

Абай атындағы ЖОББ-тің мектеп-лицей

27 қараша 2017 жылы Абай атындағы ЖОББ-тің мектеп-лицейінде Қамқоршылық кеңес отырысы өтті

Қатысқандар: Тлеуханов Р.Р, Садыбекова А.Ж, Тайгулова Г.А ,

Рахымжанова Б.Қ, Нұрсейтова Уасила, Жамашев Құрмет, Қасеева Г.Ш, Махметов М.М,

Құлахметова Әлия, Ақылдасова Динара, Нұрланова Ардақ, Қонабекова Сандуғаш .

Күн тәртібінде:

1. Аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына оқу озаты, аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы отбасы балаларына мектептің жалпы білім беру қорынан жаңа жылдық сыйлыққа қаражат бөлу.
2. Өскемен қаласында өтетін жаңа жылдық президент шыршасына қатысатын оқушыны анықтау және мектептің жалпыға білім беру қорынан қаражат бөлу.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.А.Тайгулова сөз алды. Аудан әкімінің Жаңа жылдық шыршасына оқу озаты, аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы отбасынан 20 оқушы қатысады. Мектептің жалпы білім беру қорынан 20 оқушыға 1500 теңгеден 30000 теңге қаражат жаңа жылдық сыйлыққа бөлінуі қажет.

Өскемен қаласында өтетін Жаңа жылдық Президент шыршасына ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, 4 «А» сынып оқушысы Түтнабиев Бүркіт Арманұлы қатысады. Жаңа жылдық ,спорттық т.б киіміне мектептің жалпыға білім беру қорынан 94000 теңге қаражат бөлінуі тиіс.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңес қаулы қабылдады.

Қаулы:

1. Аудан әкімінің Жаңа жылдық шыршасына оқу озаты, аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы отбасынан 20 оқушы қатыстырылсын.
 - 1.1. Мектептің жалпы білім беру қорынан 20 оқушыға 1500 теңгеден 30000 теңге қаражат жаңа жылдық сыйлыққа бөлінсін.
2. Өскемен қаласында өтетін Жаңа жылдық Президент шыршасына ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, 4 «А» сынып оқушысы Түтнабиев Бүркіт Арманұлы қатыстырылсын.
 - 2.1. Жаңа жылдық ,спорттық т.б киіміне мектептің жалпыға білім беру қорынан 94000 теңге қаражат бөлінсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы :  Рахымжанова Б.Қ.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:  Ақылдасова Динара